

**«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Басқармасының күндізгі отырысының
15.08.2024 жылғы № 74 хаттамасынан үзінді**

Акционерлік қоғамның толық атауы:	«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамы
Акционерлік қоғамның қысқартылған атауы:	«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ
Акционерлік қоғамның орналасқан жері / Акционерлік қоғам Басқармасының орналасқан жері:	Қазақстан Республикасы, 205тзе2, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55а ғимарат.
Акционерлік қоғам Басқармасының отырысы өтетін орын:	Қазақстан Республикасы, 205тзе2, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55а ғимарат.
Акционерлік қоғам Басқармасының отырысын өткізу күні мен уақыты:	2024 жылғы 15 тамыз сағат 16/00
Акционерлік қоғам Басқармасының отырысын өткізудің бастамашысы туралы мәліметтер:	Абенова Надира

Дауыс беруге қатысты:

- 1) Чайжунусов А. С. - Басқарма төрағасы;
- 2) Жақсыбаев Р. О. - Басқарма төрағасының орынбасары;
- 3) Балкин А. Ж. – Басқарма төрағасының орынбасары;
- 4) Бектыбаева А. Е. - Басқарма төрағасының орынбасары;

Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғам Басқармасы отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін кворум бар.

Күн тәртібі мәселесі:

1. «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Адам құқықтары жөніндегі саясатын бекіту туралы.

Дауыс беру қорытындысы:

№ р/б	Басқарма мүшелері	Қарсы емес	Қарсы	Қалыс қалды	Пікірлеме
1.	Чайжунусов А.С.	+			
2.	Жаксыбаев Р.О.	+			
3.	Балкин А.Ж.	+			
4.	Бектыбаева А. Е.	+			

Дауыс беру қорытындысы: «Қолдағандар» - 4,» Қарсы болғандар « - 0,» Қалыс қалғандар « - 0.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Қоғам Басқармасы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының адам құқықтары жөніндегі саясаты осы хаттамаға № 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Хаттамаға Қоғамның Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелері, сондай-ақ Қоғамның Басқарма

Үзінді дұрыс:

Басқарма хатшысы

Б. Кашкеиов

хатшысы қол қойды.

«Қазақстанның Экспорттық-
кредиттік агенттігі» АҚ
Басқармасының 2024 жылғы 15
тамыздағы № 74 хаттамасына
№ 1 қосымша

«Қазақстанның Экспорттық-
кредиттік агенттігі» АҚ
Басқармасының 2024 жылғы 15
тамыздағы шешімімен
бекітілген (№74 хаттама)

**«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік
қоғамының Адам құқықтары жөніндегі саясаты**

Астана қ., 2024 жыл

ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының адам құқықтары жөніндегі саясаты
ІНҚ иесі	Тұрақты даму жөніндегі менеджер
Қолжетімділік деңгейі	Жалпыға қолжетімді
Қоғамның барлық қызметкерлерін ІНҚ-мен таныстыру бойынша іс-шаралар	ІНҚ «Ішкі портал» желілік дискісіне орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы жіберу
Енгізілген өзгерістер мен толықтырулар:	
_____ шешімге сәйкес	«.....» 20 ж. №
өзгерістер мен толықтырулар енгізілді	

Мазмұны

1-тарау Жалпы ережелер	4
2-тарау. Адам құқығы мен бостандығына құрмет.....	4
3-тарау Қоғам мен оның қызметкерлерінің өзара әрекеттестігі.....	5
4-тарау. Саясаттың қағидаттары.....	5
5-тарау. Қорытынды ережелер.....	6

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Адам құқықтарын құрметтеу «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін негізді мәнге ие.

2. «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының адам құқықтары жөніндегі саясаты (бұдан әрі мәтін бойынша - Саясат) Қоғамның Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық құжаттарға, Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасының адам құқықтары, еңбекті қорғау, жұмыскерлер мен жұмыскерлердің құқықтарын сақтандыру саласындағы заңдарына бейілділігін растайды.

3. Саясат барлық мүдделі тараптарды Қоғамның адам құқықтарының кез келген бұзылуына төзбеушілігі туралы хабардар етуге арналған. Саясат Қоғамның атқаратын лауазымына қарамастан, Қоғам қызметкерлеріне де, өзінің мүдделі тараптарының мүдделеріне де қатысты адам құқықтарын сақтау қағидаттарына қатысты қоғамның міндеттемелерін жариялайды.

2-тарау. Адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу

4. Қоғам адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтейді және адам құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына жол бермеу үшін тиісті тексеру және профилактика жүргізу арқылы өз қызметі шеңберінде адам құқықтары саласындағы қандай да бір қолайсыз салдарларды анықтауға және болдырмауға тырысады.

5. Қоғам әр адамның өмірге, бостандыққа және жеке басына қол сұғылмаушылық құқығын құрметтейді.

6. Ешкім оның жеке және отбасылық өміріне ерікті түрде араласуға, оның үйінің тұтастығына, хат-хабарларының құпиясына немесе оның ар-намысы мен беделіне ерікті түрде қол сұғуға ұшырамайды.

7. Қоғам әр адамның жеке және басқалармен бірге мүлікке меншік құқығын мойындайды. Ешкім өз мүлкінен ерікті түрде айырылмауы керек.

8. Қоғам сонымен қатар әр адамның ой, ар-ождан және дін бостандығы құқығын құрметтейді; бұл құқыққа өз дінін немесе сенімін өзгерту бостандығы және өз дінін ұстану бостандығы кіреді.

9. Әр адамның сенім бостандығына және оларды еркін білдіруге құқығы бар.

10. Қоғам әр адамның қоғамның мәдени өміріне еркін қатысуға, өнерден ләззат алуға, ғылыми прогреске қатысуға және оның артықшылықтарын пайдалануға құқығы бар екенін растайды.

11. Қоғам сондай-ақ қызметкерлерге адамның тең құқықтары мен бостандықтарын беру, кемсітушілік пен қудалаудың кез келген көріністеріне жол бермеу жөніндегі міндеттемелерді растайды. Қоғам жұмыс орындарын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қорғалатын еңбек құқықтарын іске асыру кезінде шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына немесе дене кемістіктеріне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты немесе өзге де мән-жайлар бойынша ешқандай кемсітушілік болмайтындай етіп құруға міндеттенеді. Іріктеу, жалдау, оқыту, өтемақы деңгейін анықтау және қоғамда ілгерілеу үшін адамның біліктілігі, нәтижелілігі, қажетті дағдылары мен тәжірибесі негіздеме болады.

12. Ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес Қоғам басшылығы жұмыскерлердің еңбек өнімділігі мен орындалатын жұмыстардың сапасын арттыру үшін қолда бар кәсіби білімдерін, іскерліктерін, қабілеттерін,

дағдылары мен құзыреттерін жетілдіру жолымен жұмыскерлерді оқытуды және кәсіби дамытуды жүзеге асыруға құқығы бар.

13. Қоғам қызметкерінің мәртебесі, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында бекітілген кәсіптік одақтарға кіруге немесе кірмеуге құқығы бар.

14. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен қызметкерлерді жалдауға және жұмысқа тартуға рұқсат етілген жасқа толмаған адамдардың еңбегін пайдаланбау туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтайды.

3-тарау. Қоғам мен оның қызметкерлерінің өзара әрекеттестігі

15. Қоғам Қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды және тиісті қауіпсіздік нормаларын, денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды, еңбекті қорғау ережелері мен ішкі талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді. Қоғам онда жазатайым оқиғалар, жарақат алу және жұмысшылардың денсаулығына қауіп төндіру қауіпі аз болатын жұмыс кеңістігін құруға және оны сақтап тұруға бағдарланған. Қоғам қызметкерлермен бірлесіп жұмыс орындарындағы қауіпсіздік жағдайларын ұдайы жақсартуға, оның ішінде қауіп факторларын анықтауға және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлердің қауіпсіздігіне төнетін қатерлерді жоюға ұмтылады.

16. Қоғам ішкі және сыртқы қауіптерге байланысты зорлық-зомбылықтан, қысымшылықтан, мәжбүрлеуден және басқа да қауіпті немесе жойқын әрекеттерден ада жұмыс атмосферасын сақтауға міндеттенеді. Қызметкерлер үшін қызметкерлердің жеке өмірі мен қадір-қасиетіне деген құрметпен ұйымдастырылған қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары көзделген.

17. Жеке ерекшеліктеріне немесе мәртебесіне қарамастан, қоғам құрметтемеушілік немесе орынсыз мінез-құлықты, адамдарға әділетсіз қарым-қатынасты немесе кез-келген сипаттағы қудалауға жол бермейді. Сыйламау немесе орынсыз мінез-құлыққа жұмыс орнында да, қоғамнан тыс кез-келген жұмысқа байланысты емес жағдайларда да жол берілмейді. Бұл қағидаттар Қоғамның барлық стейкхолдерлеріне қатысты қолданылады.

Стейкхолдерлер-Қоғам қабылдаған шешімдерге немесе осы шешімдердің әсеріне айтарлықтай әсер ететін жеке және заңды тұлғалар, тұлғалар топтары немесе ұйымдар (мысалы, Қоғам қызметкерлері, клиенттер, контрагенттер және т.б.).

4-тарау Саясат қағидаттары

18. Бұл Саясат Қоғамның Корпоративтік басқару кодексімен және Қоғамның Іскерлік әдеп кодексімен реттелетін және оларға қайшы келмейтін Қоғамның корпоративтік процестерінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Саясатты іске асыру шеңберінде Қоғам мынадай қағидаттарды сақтайды:

1) ішкі және сыртқы мүдделі тараптарды Саясаттың қолданысы және оның өзекті нұсқалары туралы хабардар ету, сондай-ақ тиісті оқыту жүргізу арқылы адам құқықтарын сақтаудың негізгі қағидаттары туралы хабардар болуын қамтамасыз ету;

2) барлық қызметкерлерге қатысты Саясатты сақтау, сондай-ақ Қоғамның барлық қызметкерлерінің әріптестері мен іскер серіктестеріне қатысты адам құқықтарын тану және қолдау;

3) Қоғамдағы адам құқықтарының жай-күйінің өзгеруін үнемі талдау, сондай-ақ осындай өзгерістерді есепке алу үшін нұсқаулықтарды жаңарту;

4) адам құқықтарына әсерін бағалау және хабарлау үшін барлық мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу: пошта, электрондық пошта,

телефон желісі, ішкі кеңестер, қоғамның қоғамдық кеңесінің отырыстары, сондай-ақ сыртқы мүдделі тараптармен кездесулер;

5) кез келген мүдделі тараптан адам құқықтары саласындағы өтініштер мен сұрату хаттарына объективті баға алу және ден қою үшін кері байланыс жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету;

6) адам құқықтарының бұзылу жағдайлары анықталған кезде тиісті шаралар қабылдау, сондай-ақ осы құралдың жұмыс тиімділігін қамтамасыз ету және оны үнемі жақсарту.

5-тарау. Қорытынды ережелер

19. Қоғамның осы Саясаты жалпы жұртшылық үшін ашық болып табылады және Қоғамның ресми Интернет-ресурсында орналастырылады.

20. Осы Саясат бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

21. Қоғам өз қызметінде осы Саясаттың ережелерін үнемі сақтауға тырысады.

22. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерді және халықаралық және ұлттық практикада адам құқықтары саласындағы жаңа стандарттардың пайда болуын ескере отырып, осы Саясатты, оның ішінде Жалғыз акционердің, Қоғамның және өзге де мүдделі тұлғалардың мүдделерін басшылыққа ала отырып, жетілдіретін және нақтылайтын болады.

Келісімдеу парағы

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының адам құқықтары жөніндегі саясаты жобасы бойынша

Әзірлеуші: «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Тұрақты даму жөніндегі менеджері

ІНҚ иесі: «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Тұрақты даму жөніндегі менеджері

7

Лауазым атауы	Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты	Қол қойылған күні	Қолы
Басқарма төрағасының орынбасары	Бектыбаева А. Е.		
Комплаенс-қызметінің басшысы	Жакаева А.С.		
Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры	Шабарбаева Л. Г.		
Адам ресурстарын басқару департаментінің директоры	Кенесова А. К.		
Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры	Нурмухамбетов С.К.		
Талдау және жобалық басқару департаментінің директоры	Темиржанов Т.Р.		
Тұрақты даму жөніндегі менеджер	Абенова Н.Б.		

Басқарма төрағасының
орынбасары



Бектыбаева А. Е.

Комплаенс-қызметінің басшысы



Жакаева А. С.

Бас комплаенс-бақылушы



Б. Туменбаев

Департамент директоры



Шабарбаева Л. Г.

Департамент директоры



Кенесова А. К.

Департамент директоры



Нурмухамбетов С. К.

Департамент
директорының
орынбасары



А.Темиркалина

Департамент директоры



Темиржанов Т. Р. (м.о.
Алпысбаев А. А.)

Тұрақты даму жөніндегі менеджер



Абенова Н. Б.